



## БҰЙРЫҚ

21.05.2024

Алматы қаласы

## ПРИКАЗ

№ 45

город Алматы

### Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2024 жылға арналған мемлекеттік Гранттардың басым бағыттарының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2024 жылға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының азаматтық бастамаларды қолдау бөлімі осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тізбені Басқарманың интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Азаматтық бастамаларды қолдау бөлімі заңнамадан белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау азаматтық бастамаларды қолдау бөлімінің бас маманы Апсалыкова Асель Серикканқызына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы



А. Есенбеков

000908